



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Валюта нарығы туралы ақпараттық хабарлама

Астана қ.

2026 жылғы 2 наурыз

Ақпан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 497,69 теңгеге дейін 0,7%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі бір айда 306 млн АҚШ долларынан 335 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Ақпан айында Ұлттық қордан 400 млн АҚШ долларында валюта сатылды, бұл өз кезегінде республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 6%-ы болды және күніне 20 млн АҚШ долларынан асқан жоқ.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескергенде, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша наурыз айында республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк Ұлттық қордан 400 млн АҚШ долларынан 500 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп болжайды.

Ақпан айында «айналау» операциялары аясында 350 млрд теңге алынды. Наурыз айында осы мақсат үшін 350 млрд теңге баламасында валюта сату күтіледі.

Ұлттық қордың қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ «айналау» тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтық бейтараптық қағидатын ұстанады, бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк ақпанда валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінде валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату нормасы аясында валюта түсімін сату көлемі шамамен 284 млн АҚШ долларын құрады.

Осыған дейінгі жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі 40%-дан асатынын ескергенде, Ұлттық Банк ақпан айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алмады. Наурызда да валюта сатып алуға қатысты жоспар жоқ.

Ашықтық қағидаты аясында Ұлттық Банк валюта нарығында жүргізілетін операциялар туралы ақпаратты толық ашып көрсетуді жалғастырады. Қысқамерзімді келешекте теңгенің динамикасы нарыққа қатысушылардың күтулеріне, тоқсандық салық төлемдеріне, әлемдік нарықтардағы ахуалға және геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты болады. Ұлттық Банк теңгерімсіздіктің жинақталуын болдырмайтын және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстана береді.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)